

"Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 16 тамыздағы № 818 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
жоба	К. Мәсімов	

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы

Сеулде 2003 жылғы 13 қарашада қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт ратификациялансын.

<i>Президенті</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
-------------------	--------------------------	--------------------------------------

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ
АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ӨЗАРА ҚҰҚЫҚТЫҚ
КӨМЕК ТУРАЛЫ ШАРТ**

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Корея Р е с п у б л и к а с ы ,
қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету арқылы қылмыстарды болдырмауда, тергеуде, соттық қудалауда екі ел ынтымақтастығының тиімділігін арттыруға н и е т білдіре отырып,
төмендегілер туралы уағдаласты,

1-бап

Қолданылу саласы

1. Тараптар осы Шарттың ережелеріне сәйкес қылмыстық істер бойынша бір-біріне құқықтық көмек береді.

2. Осы Шарттың мақсатында «қылмыстық істер» егер Сұрау салатын Тараптың құзыретті органдарының заңды құзыретіне кіретін болса, құқықтық көмек туралы сұрау салуды беру уақытында жаза көзделетін кез келген қылмысқа қатысты тергеуді, қылмыстық қудалауды немесе басқа да іс жүргізу әрекеттерін білдіреді.

3. Қылмыстық істер салық, кеден заңнамаларының, сондай-ақ валюталық реттеу саласында және басқа да қаржы мәселелері саласындағы заңнаманың бұзылуына байланысты, бірақ оларға қатысы бар азаматтық сот талқылауына байланысты емес істерді де қамтиды.

4. Құқықтық көмек:

- (a) адамдардан айғақтар мен өтініштер қабылдауды;
- (b) ақпараттарды, құжаттарды, жазбаларды, заттай дәлелдемелерді беруді;
- (c) жеке басын немесе заттарды анықтауды;
- (d) құжаттарды тапсыруды;
- (e) іздестіру және заттарды тәркілеу бойынша сұрау салуларды орындауды;
- (f) Сұрау салынатын Тарапта айғақтар беру немесе қылмыстық тергеуге, айыптауға немесе сот талқылауына көмек көрсету үшін адамдарға жағдай жасауды;
- (g) ұстауды, айыппұл салуды және қылмыстық әрекеттерден алынған кірістер мен қаражатты тәркілеуді; және
- (h) осы Шарттың мақсатына байланысты Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына қайшы келмейтін өзге де көмекті қамтиды.

5. Осы Шартқа сәйкес берілетін құқықтық көмек:

- (a) адамдарды ұстап беруді, қамауға алуды және ұстауды;
- (b) Сұрау салынатын Тараптың заңнамасында және осы Шартта көзделгеннен басқа, Сұрау салатын Тарапта қылмыстық істер бойынша шығарылған үкімдерді орындауды;
- (c) қамаудағы адамдарды үкімдерді орындау үшін этаппен айдауды; немесе
- (d) қылмыстық істерді беруді қамтымайды.

2-бап

Басқа халықаралық шарттар бойынша құқықтық көмек

Осы Шарт Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

3-бап

Орталық құзыретті органдар

1. Тараптар осы Шарттың мақсатында сұрау салуларды жолдауға және қабылдауға жауапты Орталық құзыретті орган ретінде адамды не органды тағайындайды.

2. Мына адамдар немесе органдар осы Шартқа сәйкес орталық құзыретті органдар болып тағайындалады:

(а) Корея Республикасы үшін орталық құзыретті орган - Әділет министрі немесе Министр тағайындаған лауазымды адам;

(б) Қазақстан Республикасы үшін орталық құзыретті орган - Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе Бас Прокурор тағайындаған лауазымды адам.

3. Әрбір Тарап өзінің Орталық органындағы кез келген өзгерістер туралы басқа Тарапты хабардар етеді.

4. Орталық құзыретті органдар бір-бірімен, әдетте тікелей не дипломатиялық арналар арқылы қатынасып тұрады.

4-бап

Сұрау салулардың нысаны

1. Сұрау салынатын Тараптың шұғыл жағдайларда сұрау салудың басқа нысанына келіскенін қоспағанда, сұрау салулар жазбаша түрде жіберіледі. Осындай жағдай туындаған кезде, егер Сұрау салынатын Тарап қандай да өзгедей келіспесе, сұрау салу 20 күн ішінде жазбаша нысанда расталуға тиіс.

2. Құқықтық көмек туралы сұрау салу:

(а) сұрау салудың мақсатын және құқықтық көмектің сипатын көрсетуді;

(б) сұрау салудың бастамашысы болып табылатын адамның, агенттіктің немесе органның атауын;

(с) іске қатысты фактілерді, қолданылуы мүмкін заңдарды және жазалау шараларын көрсете отырып, қылмыстық істің мән-жайларын сипаттауды;

(d) тергеудің немесе сот талқылауының ағымдағы жай-күйін көрсетуді; және

(е) сұрау салудың қажетті орындалу мерзімін көрсетуді қамтиды.

3. Құқықтық көмек туралы сұрау салулар мүмкіндігіне қарай:

(а) субъект болып табылатын немесе қылмыстық іске қатысты ақпараты бар адамның сәйкестендірілген деректерін, азаматтығын және тұрған жерін;

(b) осы Шарттың 10-бабына сәйкес сұрау салу жіберілген жағдайда,

(i) Сұрау салатын Тарап мүмкіндік болған жерде осы адамдарға қойғысы келетін кез келген сұрақтарды қоса алғанда, адамдарға қойылуға тиіс сұрақтардың тізбесін; және

(ii) сұрау салуда көрсетілетін кез келген құжаттарды, жазбаларды немесе заттай

дәлелдемелерді сипаттауды және қажет болған жағдайда тиісті адамды сипаттауды;

(с) осы Шарттың 11 немесе 12-баптарына сәйкес құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салу жіберілген жағдайда, адам Сұрау салатын Тараптың аумағына келген жағдайда рұқсат етуге және шығындарға қатысты ақпаратты;

(d) осы Шарттың 15 немесе 16-баптарына сәйкес құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салу жолданған жағдайда, іздестірілетін құжаттарды және олардың болуы мүмкін ж е р і н с и п а т т а у д ы ;

(е) осы Шарттың 16-бабына сәйкес құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салу жіберілген жағдайда ,

(і) қылмыстан алынған кірістер олардың заңды құзырына кіруі мүмкін екендігі туралы Сұрау салатын Тарап негіздерінің расталуын; және

(іі) егер мұндай бар болса, мәжбүрлеу тәртібімен орындау туралы сот шешімі және осы шешімге қатысты тиісті өтінішті;

(f) қылмыстан алынған кірістерді іздестіруге немесе олардың табылуына байланысты құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салу жолданған жағдайда осы Шарттың 16-бабының 4-тармағына сәйкес талаптардың сақталу қажеттілігін көрсетуді;

(g) кез келген ақпарат, айғақтар, құжаттар немесе заттар берілуге тиіс тәртіптің егжей-тегжейін және нысандарын қоса алғанда, Сұрау салатын Тарап орындауы қажет ерекше талаптар немесе рәсімдер туралы сұрау салуды;

(h) егер мұндайлар бар болса, себептерді баяндай отырып, Сұрау салатын Тараптың тілектері бойынша сұрау салудың құпиялылығына қатысты өтінішті;

(і) егер Сұрау салатын Тараптың лауазымды адамы Сұрау салынатын Тарапқа сұрау салуға байланысты баруға ниеті болған жағдайда, оның сапарының мақсатына қатысты ақпаратты, сапардың көзделетін мерзімдері мен іссапар құжаттарын; және

(j) сұрау салуды орындау үшін қажетті болып табылатын басқа көмекші ақпаратты, айғақты немесе құжаттарды қамтиды .

4. Осы Шартқа сәйкес сұрау салу, барлық қажетті құжаттар Сұрау салатын Тараптың тілінде және Сұрау салынатын Тараптың тіліндегі немесе ағылшын тіліндегі аудармасымен жолдануға тиіс .

5. Егер Сұрау салынатын Тарап сұрау салуда берілген ақпарат сұрау салуды орындау үшін жеткіліксіз деп санаса, осы Шартқа сәйкес ол қосымша ақпаратты сұратып алуына болады.

5-бап

Көмек көрсетуден бас тарту

1. Сұрау салынатын Тараптың пікірі бойынша, егер:

(a) сұрау салу саяси немесе әскери сипаты бар қылмысқа қатысты болса және жалпы қылмыстық қылмыс болып табылмаса;

(b) сұрау салу адамды Сұрау салынатын Тарапта сотталған, ақталған қылмысы үшін қылмыстық қудалауға қатысты болса;

(c) құқықтық көмек туралы сұрау салу адамды қудалау немесе оның діни, жыныстық, нәсілдік, ұлттық, саяси тиістілігіне қарай жазалау мақсатында бағытталған немесе сұрау салуды орындау осы себептердің кез келгеніне залал келтіреді деуге елеулі негіздер бар болса;

(d) сұрау салу Сұрау салынатын Тарап азаматтарының қауіпсіздігін қоса алғанда, мемлекеттің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе басқа да елеулі мүдделеріне айтарлықтай залал келтіруі мүмкін болса;

(e) егер қылмыс Сұрау салынатын Тараптың заңды құзырында жасалған болса, сұрау салу қылмыстық қудалаудың ескіру мерзімінің өтуіне байланысты одан әрі қылмыстық жауапкершілікке тартыла алмайтын адамның қылмысына қатысты болса; н е м е с е

(f) егер Сұрау салынатын Тараптың заңды құзырында жасалған сұрау салу болса, қылмыс болып танылмайтын әрекеттер үшін қылмыстық қудалауға немесе жазалауға қатысты болса, көмектен бас тартылуы мүмкін.

2. Егер сұрау салу бойынша Сұрау салынатын Тарапта қосымша тергеу немесе сот талқылауы талап етілсе, Сұрау салынатын Тарап құқықтық көмекті кейінге қалдыруы мүмкін.

3. Осы бапқа сәйкес көмектен бас тартқанға немесе кейінге қалдырғанға дейін Сұрау салынатын Тарап өзінің құзыретті орталық органы арқылы:

(a) Сұрау салатын Тарапқа бас тарту немесе кейінге қалдыру себептері туралы қысқа мерзімде хабарлайды; және

(b) сұрау салуды орындау үшін қажетті шарттарды, мерзімдерді анықтау мақсатында Сұрау салатын Тараппен кеңеседі.

4. Егер Сұрау салатын Тарап осы баптың 3 (b) тармағында көрсетілген шарттар мен мерзімдерді сақтау кезінде сұрау салуды орындауға келіссе, онда ол осы шарттарды орындауы тиіс.

6-бап

Сұрау салуларды орындау

1. Құқықтық көмек туралы сұрау салулар Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына сәйкес және Сұрау салатын Тарап талап ететін тәртіппен заңнамамен қаншалықты рұқсат етілуіне қарай Сұрау салынатын Тараптың құзыретті орталық органдары шұғыл о р ы н д а у ғ а т и і с .

2. Сұрау салынатын Тарап, егер іс сол Тарапта қылмыстық немесе азаматтық іс бойынша сот талқылауы үшін қажет болса, сұрау салынған материалды жолдауды кейінге қалдыруы мүмкін. Мұндай жағдайда, Сұрау салынатын Тарап сұрау салу

бойынша құжаттардың куәландырылған көшірмелерін беруі мүмкін.

3. Сұрау салынатын Тарапқа белгілі болған және сұрау салуды орындау мерзімдеріне елеулі әсер ететін мән-жайлар туралы Сұрау салынатын Тарап Сұрау салатын Тарапқа дереу хабарлауға тиіс.

7-бап

Сұрау салынған Тарапқа материалдарды қайтару

Сұрау салуға қатысты қылмыстық іс бойынша материалдарды пайдалануда одан әрі қажеттілік болмаса, осы Шартқа сәйкес Сұрау салатын Тарап Сұрау салынатын Тараптың талабы бойынша оларды қайтарады.

8-бап

Ақпараттарды пайдалану бойынша құпиялылық және оларды шектеу

1. Сұрау салынатын Тарап сұрау салу келіп түскен жағдайда, сұрау салу және оның материалдары мазмұнының, сондай-ақ сұрау салуға сәйкес қабылданған кез келген әрекеттердің құпиялылығын сақтауға барлық күш-жігерін пайдалануы керек. Егер сұрау салу құпиялылықты бұзбай орындала алмаса, онда Сұрау салынатын Тарап Сұрау салатын Тарапқа сұрау салу орындалғанға дейін хабарлауы тиіс, мұндай мән-жайлар кезінде Сұрау салатын Тарап сұрау салудың орындалу қажеттілігін а н ы қ т а й д ы .

2. Сұрау салатын Тарап сұрау салуға жауап келіп түскен жағдайда, Сұрау салынған Тараптан алынған ақпараттың құпиялылығын сақтау үшін барлық күш-жігерін п а й д а л а н у ғ а т и і с .

3. Сұрау салатын Тарап ақпараттың тарап кетуіне және оны тиісті рұқсатсыз пайдалануға жол бермеу үшін барлық күш-жігерін пайдалануға тиіс.

4. Сұрау салатын Тарап ақпаратты немесе алынған дәлелдемелерді Сұрау салынатын Тараптың алдын-ала келісімінсіз сұрау салуда көрсетілмеген басқа мақсаттар үшін пайдаланбауға тиіс.

9-бап

Құжаттарды тапсыру

1. Сұрау салынатын Тарап қылмыстық іске қатысы бар құжаттарды тапсыру туралы сұрау салуларды өз заңнамасы шеңберінде орындайды.

2. Сұрау салатын Тарапқа адамның куә айғақтарын беру үшін шақыру қағазын тапсыру туралы, келуі туралы сұрау салу Сұрау салынатын Тарапқа жоспарланған келуге дейін 45 күн ішінде тапсырылуға тиіс. Шұғыл жағдайларда Сұрау салатын Тарап бұл талаптарды сақтамауы мүмкін.

3. Сұрау салынатын Тарап Сұрау салатын Тарапқа құжаттардың тапсырылғандығы туралы растауды жолдауы тиіс. Егер тапсыруды жүзеге асыру мүмкін болмаса, онда Сұрау салатын Тарап себептері туралы тиісінше хабардар етілуге тиіс.

4. Сұрау салатын немесе Сұрау салынатын Тараптардың заңнамасына сәйкес айғақ беру үшін келуден бас тартқан адамға айыппұл санкциялары немесе мәжбүрлеп ықпал ету шаралары қолданылмауға тиіс.

10-бап

Куә айғақтарын, өтініштерді және дәлелдемелерді алу

1. Сұрау салынатын Тарап өз заңнамасы шеңберінде және сұрау салу негізінде Сұрау салатын Тарапқа беру үшін куә айғақтарын қабылдауы немесе өзге тәсілмен адамдардан өтініштер алуы немесе олардан дәлелдемелер ұсынуды талап етуі тиіс.

2. Сұрау салынатын Тарап оның заңнамасына сәйкес сұрау салуды орындау кезінде сұрау салуда көрсетілген адамдардың қатысуына рұқсат етеді және бұл адамдарға айғақ беріп тұрған адамнан жауап алуына жол беруі мүмкін. Егер бұлай тікелей жауап алуға жол берілмесе, бұл адамдарға айғақ беруші адамдарға қойылатын сұрақтарды қоюға
р ұ қ с а т е т і л е д і .

3. Осы бапқа сәйкес Сұрау салынатын Тарап қабылдауға тиіс айғақтар беретін адам,
е г е р :

(а) осыған ұқсас қылмыстық іс Сұрау салынатын Тарапта тергелген жағдайда Сұрау салынатын Тараптың заңнамасы осы адамның айғақ беруден бас тартуына жол берсе немесе оны талап етсе; немесе

(б) Сұрау салатын Тараптың заңнамасы Сұрау салынатын Тарапта қылмыстық істі тергеу кезінде осы адамның айғақтар беруден бас тартуына жол берсе немесе талап етсе, оларды беруден бас тарта алады.

4. Егер Сұрау салынатын Тарапта кез келген адам Сұрау салатын Тараптың заңнамасына сәйкес айғақ беруден жалтару құқықтары немесе міндеттемелері бар екеніне сендірсе, Сұрау салатын Тараптың Құзыретті орталық органы сұрау салу бойынша Сұрау салынатын Тараптың Құзыретті орталық органына мұндай құқықтың бар екеніне қатысты растау береді. Басқа айғақтар болмаса, мұндай растау жеткілікті
д е п е с е п т е л е д і .

5. Осы баптың мақсаттары үшін айғақтарды алу, құжаттарды немесе басқа да заттарды қорытуды қамтиды.

11-бап

Куә айғақтарын беру үшін қамаудағы адамды тапсыру

1. Сұрау салынатын Тараптың аумағында қамауда ұсталып отырған адам Сұрау салатын Тараптың сұрау салуы бойынша қылмыстық іс жөнінде айғақтар беру үшін

уақытша сол Тарапқа берілуі мүмкін. Осы баптың мақсатында қамауда ұсталып отырған адам деп бас бостандығынан айыру орындарында болмаған, бірақ қылмыс жасағаны үшін үкім шығарылған және осы үкім ақшалай өндіріп алумен байланысты болмаған адам түсініледі.

2. Сұрау салынатын Тарап, егер:

(а) адам осындай тапсырысқа келісім берсе; және

(б) Сұрау салатын Тарап берілетін адамның қамауда ұсталуына немесе қауіпсіздігіне қатысты Сұрау салынатын Тарап көздеген кез келген шарттарды сақтауға келіссе, қамауда ұсталып отырған адамды Сұрау салған Тарапқа тапсырады.

3. Егер Сұрау салынатын Тарап Сұрау салатын Тарапқа тапсырылған адамды қамауда ұстаудың бұдан былай қажеттілігі жоқ екенін хабарласа, онда адам қамаудан босатылуға тиіс.

4. Осы бапқа сәйкес сұрау салу бойынша берілген адам Сұрау салынатын Тараппен келісілген шарттарға сәйкес айғақ бергеннен кейін немесе одан бұрын бұл адамның қатысуы қажет болмаған жағдайда, қысқа мерзім ішінде Сұрау салынатын Тарапқа қайтарылуға тиіс.

5. Сұрау салатын Тарапта адам қамауда отырған уақыт Сұрау салынатын Тарап тағайындаған жазаны өтеудің жалпы мерзіміне кіреді.

12-бап

Басқа адамдардың айғақтар беру немесе тергеуге көмек көрсету мүмкіндігі

1. Сұрау салатын Тарап (осы Шарттың 11-бабы қолданылатын адам болып табылмайтын) адамды Сұрау салынатын Тараптан куә айғақтарын беруге немесе қылмыстық істі тергеуге көмектесуге шақыруда көмек сұрай алады. Мұндай адамға барлық төлемдер мен төленетін шығыстар туралы хабардар етілуге тиіс.

2. Сұрау салынатын Тарап Сұрау салатын Тарапқа адамның жауабы туралы дереу хабарлауға тиіс.

13-бап

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Сұрау салу мақсатында егер, адам Сұрау салатын Тарапта қалуға тиісті мерзім ішінде осы баптың 2-тармағы, сондай-ақ осы Шарттың 11 немесе 12-баптарына сәйкес сұрау салуға орай, адам Сұрау салатын Тараптың аумағында болса:

(а) адамның Сұрау салынатын Тараптан кетуінің алдында жасалған кез келген қылмыс үшін адам Сұрау салатын Тарапта қамауға алынбайды, айыпталмайды және кез келген құқық бұзушылық үшін жазаға тартылмайды немесе адам Сұрау салынатын Тарапта болмаған жағдайда оның қатысуы тиіс емес кез келген азаматтық сот қарауына тартылмайды; және

(b) адам өзінің келісімінсіз кез келген қылмыстық процесте айғақтар беруге немесе сұрау салуға қатысы жоқ басқа қылмыстық істер бойынша кез келген қылмыстық тергеуге көмек көрсетуге тиіс емес.

2. Егер адамның одан әрі болуы қажет емес екендігі туралы ол ресми хабарлама алғаннан бастап 15 күн өткен соң ол үшін мүмкіндігі бола тұра Сұрау салатын Тараптың аумағынан кетпесе немесе кетіп қалып қайта оралса, осы баптың 1-тармағы қолданылмайды.

3. Осы Шарттың 11 және 12-баптарына сәйкес айғақтар беруге келіспеген адам Сұрау салатын немесе Сұрау салынатын Тарапта осы себептер бойынша айыппұл санкциясына немесе мәжбүрлеп ықпал ету шараларына тартылуға жатпайды.

4. Осы Шарттың 11 және 12-баптарына сәйкес куәлік айғақ беруге келіскен адам, жалған куә болуды немесе сотты сыйламауды қоспағанда, өзінің айғақтары негізінде қылмыстық қудалауға тартылмайды.

14-бап

Ақпараттар беру

1. Сұрау салынатын Тарап жұртшылыққа қолжетімді болып табылатын құжаттардың және жазбалардың көшірмелерін береді.

2. Сұрау салынатын Тарап өз заңнамасына сәйкес өздерінің құқық қорғау және сот органдарына беретін тәртіппен және шарттарда кез келген басқа құжаттардың немесе жазбалардың көшірмелерін бере алады.

15-бап

Тінту және алып қою

1. Сұрау салынатын Тарап өз заңнамасына сәйкес сұрау салған Тарапқа мүлікті тінтуге, алып қоюға және жолдауға қатысты қылмыстық іс бойынша құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуларды орындайды.

2. Сұрау салынатын Тарап мүлікті тінту, алып қою және алынған мүлікті кейіннен сақтау орны мен мән-жайлары туралы сұрау салуды орындаудың нәтижелеріне қатысты ақпарат береді.

3. Сұрау салатын Тарапқа жолданған кез келген тәркіленген мүлікке қатысты сұрау салынған Тарап ұсынған барлық талаптарды Сұрау салатын Тарап сақтауға тиіс.

16-бап

Қылмыстық жолмен алынған кірістер

1. Сұрау салынатын Тарап сұрау салу бойынша қылмыстан түскен қандай да бір кірістердің бар-жоғын өзінің заңды құзырына сәйкес анықтауға талпынады және

мұндай тергеудің нәтижелері туралы Сұрау салған Тарапқа хабарлайды. Осы Шарттың мақсаттарында «қылмыстық жолмен алынған кірістер» деген ұғымға тікелей немесе жанама түрде қылмыс жасау салдарынан түскендігі сотпен анықталған немесе күдікті немесе қылмыс жасау үшін пайдаланылған меншік, сондай-ақ қылмыс жасау үшін немесе оны жасауға мүмкіндік туғызу үшін пайдаланылатын меншік те кіреді.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістер анықталған жағдайда, Сұрау салынатын Тарап өз заңнамасына сәйкес мұндай кірістерді алу немесе тәркілеу үшін шаралар қабылдайды.

3. Осы бапты қолдану кезінде адал ниетті үшінші тараптардың құқықтары Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына сәйкес сақталуға тиіс.

4. Егер жеке жағдайларда өзге келісілмесе, Сұрау салынатын Тарап тәркіленген қылмыстық қызметтен түскен кез келген кірістерді сақтауға тиіс.

17-бап

Түпнұсқаны куәландыру және анықтау

1. Осы баптың 2-тармағын қоспағанда, құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуға қосымша берілген құжаттар немесе сұрау салуға жауап қайтара отыра берілген құжаттар мен материалдар түпнұсқалығын анықтауды талап етпейді.

2. Жеке жағдайларда Сұрау салынатын немесе Сұрау салатын Тараптар құжаттардың немесе материалдардың осы баптың 3-тармағында көзделген тәсілмен тиісті түрде расталуын сұрай алады.

3. Осы Шарттың мақсаттарында құжаттар мен материалдар, егер:

- (а) олар құжат жолдаушы Тарап судьясының немесе басқа лауазымды адамының қол қоюын немесе куәландыруын білдірсе; және
- (б) олар құжат жолдаушы Тараптың ресми мөрімен және Тарап Министрінің, Бас Прокурорының немесе Үкіметінің лауазымды адамының қолымен бекітілуін білдірсе, расталады.

18-бап

Қосымша көмек

Әрбір Тараптың орталық құзыретті органдары осы Шарттың мақсаттарына және екі Тараптың заңнамасына сәйкес бір-біріне қосымша көмек көрсетуі мүмкін.

19-бап

Өкілдік ету және пығыстар

1. Егер осы Шартта өзгеше айтылмаса, Сұрау салынған Тарап көмек туралы сұрау салуға сәйкес қылмыстық істер бойынша кез келген сот тыңдауында Сұрау салатын

Тараптың өкілдік етуі үшін барлық қажетті шараларды жүзеге асырады және Сұрау салатын Тараптың мүддесін өзге түрде білдіретін болады.

2. Көмек көрсету туралы сұрау салуды орындау бойынша шығындарды Сұрау салынатын Тараптың көтеретінін қоспағанда, Сұрау салатын Тарап мыналарды:

(a) Сұрау салынатын Тараптың аумағына немесе оның аумағынан кез келген адамды беруге байланысты шығындарды және осы Шарттың 9, 11 және 12-баптарында көзделген сұрау салуға сәйкес адамның Сұрау салатын Тараптың аумағында болған уақыты кезінде оны орналастыруға және оған төленетін кез келген басқа да төлемдерді, тәуліктік немесе басқа шығыстарды;

(b) қамауға алынғандарды беруге және күзетуге немесе оларға офицерлердің ілесіп жүруіне байланысты шығыстарды;

(c) сарапшыларға төленетін және құжаттарды аударуға байланысты шығыстарды; ж ә н е

(d) Сұрау салынатын Тараптың талабы бойынша сұрау салуды орындау барысында жасалған ерекше шығыстарды көтереді.

20-бап

Консультациялар

Тараптар осы Шартты түсіндіруге, қолдануға немесе орындауға қатысты кез келген проблемаға немесе жекелеген жағдайларға қатысты кез келген сұрау салу бойынша кеңесетін болады.

21-бап

Шарттың күшіне енуі және оның қолданысын тоқтату

1. Осы Шарт ратификациялауға жатады және ратификациялық грамоталармен алмасқаннан кейін күшіне енеді.

2. Осы Шарт Шарт күшіне енген күнге дейін және одан кейін жасалған актілер мен әрекеттерге байланысты сұрау салуларға қатысты қолданылады.

3. Кез келген Тарап жазбаша хабарлама жіберу жолымен кез келген уақытта осы Шарттың қолданысын тоқтатуы мүмкін. Шарт мұндай хабарлама алынған күннен бастап алты (6) ай өткеннен кейін өз қолданысын тоқтатады. Осы бапқа сәйкес осы Шарттың қолданысын тоқтату туралы хабарлама келіп түскен жағдайда, тоқтатуға дейін алынған құқықтық көмек көрсету туралы кез келген сұрау салу, егер Сұрау салатын Тарап сұрау салуды кері қайтарып алмаса, осы Шарт күшінде қалған ретінде орындалуға тиіс.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН, тиісті Үкіметтер тиісінше уәкілеттік берген төменде қол қоюшылар осы Шартқа қол қойды.

Сеул қаласында 2003 жылғы 13 қарашада, әрқайсысы қазақ, корей, орыс және ағылшын тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Шарттың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасы
үшін

Корея Республикасы

үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК